



Алхан Бóкехан: «Ultqa qyzmet etý – bilimnen emes, minezden»

АҚТОҒАЙ АЖАРЫ



«Қарағанды журналистикасын дамытуға қосқан үлесі үшін»

1938 жылдың 15 тамызынан
бастан шығады

Ақтоғай айдандық қоғамдық-саяси басылым

www.facebook.com/a.ajary.kz

№ 28 (7970) 2 тамыз, Жұма 2024 жыл

aktogai_red@mail.ru



Шикізатты өз елімізде өңдеуге басымдық беріледі

Баршамызға белгілі өткен соңғы жылдары елімізде ауқымды саяси реформалар жүргізілді. Атап айтсақ, Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу бойынша республикалық референдум, Қазақстан Республикасының кезектен тыс президент сайлауы, кезектен тыс Мәжіліс депутаттарының сайлауы өтті.

Мемлекет басшысы бүгінгі Қазақстан халқына Жолдауында нағыз дамыған ел боламыз десек, саяси реформалармен шектеліп қалуға болмайтынына назар аударып, осы жұмысты түбегейлі және жан-жақты әлеуметтік-экономикалық реформаға ұштастыру қажет екенін айтты.

Мемлекет басшысы Жолдауда қарастырған негізгі басым бағыттардың бірі – елімізді инновациялық жолмен дамыту. Осы мақсатта бизнес-инкубатор, коммерцияландыру орталығы, технопарк, құрастыру бюросы сияқты инновациялық инфрақұрылымдар құруға қатысты жеке бастамаларға сөз жүзінде емес, нақты іспен қолдау көрсететін пәрменді шаралар керектігін атап өтті.

Қазіргі уақытта көптеген елдер экономикалық дамудың инновациялық жолын тандауда. Мемлекет басшысы өзінің бағдарламалық арнауында отандық экономиканың драйверлерінің бірі ретінде өңдеу өнеркәсібіне ерекше назар аударды.

Мемлекет басшысы атап өткендей, өнеркәсіптік

негізді қалыптастыру кезінде өзіміздің шикізатты, кадрлар мен тауарларды, басқаша айтқанда, өзімізде не бар соны барынша пайдалану маңыздылығын айтты.

Айталық кейбір отандық өндірушілер өзімізде бола тұра шикізатты сырттан алады. Өзімізде қымбатқа түседі немесе басқа да себептері бар. Ол үшін елімізде тиімді нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу және Қазақстан аумағында өнеркәсіпті оқшаулау үшін қолайлы жағдайлар жасау қажет. Бұл тұрғыда қазіргі уақытта

негізінен шетелде жүзеге асырылатын табиғи ресурстарды қайта өңдеуді ел аумағында іске асыру перспективалық шешім. Осылайша, Үкіметтің алдында ғылыми-техникалық базасымен шетелдік компанияларды табиғи қазбаларды қайта өңдеуді Қазақстан аумағына көшіруі үшін қолайлы жағдайлар жасау және ынталандыру міндеті тұр. Мұндай формуланың ел экономикасына тиімділігі орасан. Жергілікті халық тұрақты жоғары жалақы төлететін жұмыс орындарына ие болады, шетелдік инвесторлар шикізат логистикасына шығындарды қысқартады, мемлекет үшін салық түсімдерінің көлемі ұлғаяды. Олар әлеуметтік саясатқа (жайлы мектептер мен денсаулық сақтау объектілерін салуға) бағытталады. Сонымен бірге, мұнда өңдеу өнеркәсібі үшін шикізаттың жеткілікті көлемін қамтамасыз етуге назар аудару өте маңызды. Өйткені кәсіпорынның тұрақты жұмысы үшін шикізатты үздіксіз жеткізу қажет. Бұл мәселеде тиімді баға белгілеу маңызды. Өйткені теңгерімсіздік немесе басқа кәсіпорындарға зиян келтіретіндей, кейбіреулер үшін негізсіз жеңілдікті шарттар болмауы керек. Мемлекет басшысы ықтимал шығындарды түсініп, Үкімет жұмысының осы бағытын ерекше атап өтті.

Е.Есжанов,
Айыртас ауылдық округі әкімі
аппаратының маманы.

11 ТАМЫЗ
АВГУСТА
2024

ӨЗ ТАҢДАУЫҢДЫ ЖАСА!
СДЕЛАЙ СВОЙ ВЫБОР!

ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ
АҚТОҒАЙ АУДАНЫНЫҢ
ӘКІМІН САЙЛАУЫ
ВЫБОРЫ АКИМА
АКТОГАЙСКОГО РАЙОНА
КАРАГАНДИНСКОЙ ОБЛАСТИ

* Рухани жаңғыру

Шашубай кентіндегі шырайлы кеш

Жаз айының жұлдызды күндерінің бі-рінде Шашубай кентінде мәдениет үйінің қызметкерлерінің ұйымдастыруымен ҚР Журналистер Одағының мүшесі, Мәдениет саласының үздігі Жүнісов Оралбек ағамыздың 70-жасқа толуына байланысты «Еліміздің сыйлы ағасы» атты әдеби-музыкалық кездесу кеші өткізілді.

Шырайлы кештің көркін мәдениет үйінің көркемдік жетекшісі Б.Садуақасова ашып, Оралбек ағамыздың өмір жолдарына тоқталды. Әрмен қарай домбырашы, ақын Ф.Әуелбеков «Айбозым» әнін шырқап кештің сәнін кіре түсті. Кеште «Еліме сәлем» әнін «Аяулы әжесер» ансамблінің әнісі Б.Нарымбекова, «Нұршашу» тобы «Ән аға» әндерін орындап, кездесудің шырайын аша түсті. Мәдениет үйінің меңгерушісі Б.Ербекеева құттықтау сөз сөйлеп, 1989 жылдары әніші Ф.Әуелбековтың және өзінің автоклуб меңгерушісі, жас әніші болып еңбек жолдарының басталған кездегі еңбектерін, Оралбек ағамен де өмір жолдарының осы тұста түйіскендерін айтып, өткен жылдарды тебіреніспен еске алды. Орекең қазір Астана қаласында тұрып жатқанымен Балқаш қаласына келгенде әлбетте Шашубай



кентіне келіп, Мәдениет үйіне ат басын тіреп, сәлем беріп, өнерге жақын ағамыз домбыраны қолға алып, ән салып кететінін айтып, ризашылық білдіріп, ағамыздың иығына шапан жабылды. «Орамал тон болмайды, жол болады» деген қазағамыздың салтымен жанындағы жары Асыл апайымызға орамал жауып, сый-сияпат берілді. Сондай-ақ, қонақ - көде дегеніміз бар «Ырымсыз қазақ жоқ» демекші, соңынан ерген шәкірті Н.Кәрім мен қонаққа келген Қ.Ештанай ағамызды да құр алақан қайтара алмай

қазақшылығымызды көрсетіп, қойын дәптер (блокнот) сыйға тартылды. Ағаға арнап ең кішкентай домбырашы-күйші Маратхан Айзере күйлердің жинағынан «Попурий» орындап, халықтың ризашылығын алды. Сонымен бірге «Бей, айдай» әнімен Ү.Нарымбекова мен «Қазағым-ай» әнімен Д.Боранбайдың тамылжыта салған әндері көптің көңілінен шықты. Б.Садуақасованың орындауындағы «Жолыққан қандай жақсы» әні тақырыпқа сай ағамыздың кездесуіне байланысты арналды. Кеш Ф.Әуелбековтың сөзіне

Б.Ербекееваның әніне жазылған «Шашубай вальсі» «Нұршашу» тобының әнімен аяқталды. Кешімізге арнайы ат басын бұрып келген Балқаш қаласының мәдени бос уақыт орталығының «Қуыршақ» театрының режиссеры Меруертке, сонымен бірге әрдайым көрерменнің ортасында отыратын Қасымова Алма апайымызға және басқаларға да алғысымыз шексіз.

Зәуреш Омарбаева,
Шашубай кенті.

Әлеуеті артқан ауыл

Ауыл – әрбір адам үшін өте қымбат, ыстық. Ол – бізге дейінгі сан толқынның қастерлі ордасы, қаны мен маңдай тері тамған киелі мекені, алтын бесігі, салт-дәстүрі, өлең-жыр, өнері, мәдениет пен адамгершілік ортасы. Осындай құт қонған берекелі елді мекеннің бірі – ауданымызға қарасты Абай ауылдық округі.

Елдос Майлыбаев басқарып отырған Абай ауылының келбеті алыстан көз тартады. Жөнделген түзу көшелер, әдемі үйлер. Мұнда айшықты істер атқарылып келеді. Ауылға кіре бергеннен елді мекен тазалығы, тартымдылығы бірден көзге түседі.

Ауыл әкімі Е.Майлыбаевтың бізге берген мәліметіне сүйенсек Ақтоғай

сатып алу үшін аудандық бюджеттен 6 млн. теңге қаражат бөлініп, бүгінгі күнге мемлекеттік сатып алуға шығару бойынша құжаттарын дайындау жұмыстары жүргізілуде.

Кәсіп етіп, мал баққан

Бұл ауылдағы тұрғындардың басым көпшілігі мал шаруашылығымен айналысады. Мемлекеттік бағдарламалар бойынша кәсіп ашып, ауылдағы ағайынға қызмет етуде. Абай ауылдық округінің жалпы жер көлемі – 265700 га. Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер – 263100 га. Ауылдық округ аумағында 23 шаруа қожалығы жұмыс жасайды. Барлық шаруа қожалық иелігіндегі жер көлемі 73122 га құрайды.

Ірі қара – 4493, қой – 4899, ешкі – 2353, жылқы – 2074 басқа жеткен. Ағымдағы

1 дана рулон преске, 2 дана косилка, 1 дана шөп тиегішке тапсырыс берілген. «Жамбыл жобасы» арқылы несиелену алуға 2 азамат құжаттарын өткізген. 1 адам жастарға арналған 2,5 пайыздық несиелену алуға құжаттарын рәсімдеу үстінде.

Тазалық басты назарда

–Электр энергиясын беруде жауын шашын салдарынан кейінгі уақыттары Сарытерек ауылдық округіндегі желілерден ақаулар шығып жиі өшіп отырады. Нарманбет-Айыртас бағытындағы көтерме жолға ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Ауыл тұрғындарының, әкімдіктің, мәслихат депутатының, жергілікті қоғамдастық мүшелерінің тарапынан қоғамдық бақылауға қойылған, – дейді Е.Майлыбаев.

Елді мекендерді абаттандыру, санитарлық тазарту, көгалдандыру, күл қоқыстан тазарту бойынша көктемгі екі айлық шараларын ұйымдастыруға байланысты, округ бойынша нақты айлық іс-шарасы жасалып, мекемелер, жеке аулалар сенбіліктер жасалған. Қыстан жиналып қалған күл-қоқыс орны тазартылып, шамамен 1100 тонна күл-қоқыс, құрылыс қалдықтары жана қоқыс төгетін орынға шығарылған.

Тозығы жеткен иесіз үйлерді құлатып орынын тазарту және қатты тұрмыстық қалдықтар заңсыз төгілген

көмек беруді, демеушілер арқылы шөппен қамтамасыз ету мәселесі қарастырылған.

Жыл басынан 10 адам жұмыссыздар есебінде тіркелген, олардың 2-уі қоғамдық жұмысқа тартылса, 3 адам ауыл шаруашылығы саласында жаңа жұмыс орындарын ашу арқылы шаруа қожалықтарға жұмысқа орналасқан. 2 жұмыссыз тұрақты жұмыспен қамтылған. 1 адам «Күміс жас» арқылы жұмысқа орналасса, бүгінгі таңда 2 адам жұмыссыз ретінде есепте тұр.

Мәдениет, спорт саласы

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әлеуметтік жаңғырудың жаңа кезеңіне қадам басудың бір тетігі – мәдениет қызметкерлерін қолдау деген сөз. Елдің рухани дамуы мен кемелденуі мәдениеттің қарқынды дамуымен ұштасып жатыр. Құлақтан кіріп бойды алар тәтті әуен мен күмбірлеген күй, әуезді әуенмен үйлесім тапқан ырғақты би, рухани байлық сыйлайтын театр, кітапхана бөрі де осы мәдениет ұғымы аясында бірігіп, елге қызмет етіп келеді. Еліміздің атын шығаратын да – мәдениет пен өнер. Мәдениетке серпін беру шындығында да қажет» дегенін баршамыз білеміз. Расында қазақтың болмысы мен ұлттық келбетін бейнелейтін мәдениеттің алар орны ерекше.



аудандық мәслихатының 2022 жылғы 27 желтоқсандағы № 214 шешіміне сәйкес Абай ауылдық округінің бюджеті 46 млн. 976 мың теңге. Бүгінгі таңда түзетілген, бекітілген бюджет 53 млн. 557 мың теңгені құрап отыр. Оның ішінде аудандық бюджет есебінен «Абай ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ ғимаратының шатырын жөндеуге, қоршау орнату мен ғимараттың жылу жүйесін жөндеу жұмыстарына 10 млн. 531 мың теңге қаражат бөлініп, тиісті жұмыстар атқарылуда. 2023 жылдың 1 тамызына игерілген қаржы 7 млн. 930 мың теңгені құрайды.

Жылу жүйесін жөндеуге бөлінген 2691,0 мың теңге мемлекеттік сатып алу порталына 3 рет орналастырылып, ешқандай мердігер қатыспауына байланысты үнемделген қаражат есебінен сомасын ұлғайту бойынша жұмыстар жүргізілуде.

Абай ауылдық округі бойынша 2023 жылға арналған бюджетке кірістер түсімдерінің жоспары – 53 557,0 мың теңге сомасына бекітілді, 30 шілдеге жоспар – 33 132, мың теңгені құрайды (61,9%). Биылғы жылы мектептің жылу қазандығы ауыстырылып, жылу жүйесіне жөндеу жұмыстары жүргізіліп жатыр. Мектепте бала санының азаюы өзекті мәселенің бірі болып отыр. Негізгі мектеп мәртебесін сақтап қалу үшін жұмыстар жүргізілуде. Көшіп келетін отбасыларға 2 тұрғын үй

жылы жалпы шаруа қожалықтарына жерді тиімді пайдалану жөнінде мониторинг жүргізілген. Елді мекендердің жайылымдық жері – 21857 га құрайды. Мал басына белгіленген норматив бойынша қамтылуы 101%. «2023 жылға ауыл шаруашылығы саласы бойынша бекітіліп берілген жоспар негізінде жұмыстар басталды, белгіленген межеден шығуға жұмыс жасайтын боламыз. Ветеринариялық қауіпсіздікті сақтау мақсатында жоспарланған вакцинация, қан алу және бірдейлендіру шаралары толық орындалып отыр. Бұл жұмысты атқару бойынша ветмамандар жеткілікті, қажетті техника мен құралдармен қамтамасыз етілген. Бүгінгі күнге эпизоотиялық ахуал тұрақты» дейді ауыл әкімі.

Шаруа қожалықтар мен кәсіпкерлермен мемлекеттік бағдарламалар, жеңілдетілген несиелер, лизинг, облыс және аудан әкімінің гранттары бойынша түсіндірме жұмыстары үнемі жүргізіліп келеді. Ауылдық округ бойынша аудандық мемлекеттік кірістер басқармасында 8 жеке кәсіпкер тіркелген. Кәсіпкерлермен азық-түлік бағасын негізсіз қымбаттатпау жөнінде 3 жақты меморандумға қол қойылып, ауылдағы дүкендерге апта сайын бағаға мониторинг жүргізіледі. Ауылдық округ бойынша ескірген техника паркін жаңарту мақсатында «Нұр» шаруа қожалығы 1 дана 92 тракторына,



полигонға тегістеу жұмыстары жүргізіліпті. Сондай-ақ, істен шыққан көше жарықтары мердігер тарапынан қалпына келтірілген.

Әлеуметтік сала

Әлеуметтік сала – халық тұрмысының индикаторы, мемлекет әлеуетінің көрсеткіші. Ел азаматтары тұрақты жұмыспен қамтылса, әр жоба бойынша нақты іс жүзеге асырылса, онда нәтиженің оң болғандығы. Ауылдық округ бойынша 1 әлеуметтік қызметкер жұмыс жасайды. Зейнет жасындағы 5 адам әлеуметтік қызметкердің көмегімен пайдаланып отыр.

Ауыл басшысының айтуынша демеушілер көмегімен әлеуметтік жағдайы төмен отбасыларға ақшалай және азық-түлік пакеттерімен көмек көрсетілуде. Мал асырайтын әлеуметтік жағдайы төмен, жалғыз басты отбасыларға

2024 жылы округ тұрғындарына мемлекеттік мереке мен кәсіби күндері аталып тұрады. Оның ішінде мерекелік концерттер мектеп оқушыларының қатысуымен өтіп, 1 –маусым балаларды қорғау күні шаралар ұйымдастырылған.

Биылғы жылы ауыл азаматтарының ұйымдастыруымен «Ауыл күні» мерекесі аталып өтіп, мектеп бітіргендеріне 30 жыл толған ауыл азаматтар ауылға киіз үй сыйлаған.

Сонымен бірге, кітапханада оқырмандар үшін тақырыптық кітап көрмелері мен мерекелік шаралар үнемі жүргізіліп тұрады. Спорт нұсқаушының және ауыл жастарының ұйымдастыруымен ұлттық спорт түрлерінен жарыстар тұрақты түрде өткізіліп отырады.

Өз тілішімізден,
Абай ауылдық округі.

Жергілікті өзін-өзі басқару – мемлекеттегі белгілі бір әкімшілік-аумақтық бөлік тұрғындарының және оның сайланбалы органдарының жергілікті істерді басқару жөніндегі дербес қызметі. Қазақстан Республикасы Конституциясының (1995) “Жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару” туралы 8-бөлімінде жергілікті өкілді органдардың сипатына, мақсатына және құрылу

қосымша көздері, әкімдермен, мәслихаттармен өзара қатынас тәсілдері бойынша да әр түрлі болуы мүмкін. Жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту тұжырымдамасының маңызы неде? Бұл бағытта іске асырылатын кадам-дар қандай нәтиже береді? Осы тұрғыда «ҚазАқпарат» агенттігіне сала сарапшы өзінің пікірін айтып берген болатын. «Экономикалық зерттеулер институты» өңірлік зерттеулер орталығының

Аудандар мен ауылдық округтерді ынталандырудан ажыратпас үшін жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту тұжырымдамасы жобасында облыс, аудан және ауыл арасында ШОБ-тан корпоративті табыс салығын бөлу шамасын регламенттеу қарастырылған», – дейді сарапшы.

Осы орайда ол жергілікті өзін-өзі басқарудың кіріс базасын ары қарай кеңейту үшін 2022 жылы бюджеттің

кезегінде сайланған әкім атқарылған жұмыс үшін халық алдында есеп береді. Осы орайда әкімдерді тікелей сайлау азаматтық қоғамды дамытуда, жергілікті деңгейде демократияны ілгерілетуге тың серпін беруі тиіс. Адамдар өздерінің өзекті мәселелерін шешуге тікелей жұмылдырылады. Сонымен қатар, бюджет әрі жергілікті өзін-өзі басқару қаражаты есебінен жүргізілген жұмыстарға, қаржыны

Жергілікті өзін-өзі басқарудың тәуелсіздігі

тәртібіне қатысты жалпы ережелер белгіленген. Осы бөлімнің 89-бабы бойынша, “Қазақстан Республикасында жергілікті маңызы бар мәселелерді жергілікті тұрғындардың өзі шешуін қамтамасыз ететін жергілікті өзін-өзі басқару танылады. Жергілікті өзін-өзі басқаруды тұрғындар тікелей сайлау жолымен, сондай-ақ, адамдар жинақы тұратын аумақты қамтитын ауылдық және қалалық жергілікті қауымдастықтардағы сайланбалы және басқа жергілікті өзін-өзі басқару органдары арқылы жүзеге асырады. Жергілікті өзін-өзі басқару органдарын ұйымдастыру мен олардың қызмет тәртібін заңда көрсетілген шекте азаматтардың өздері белгілейді. Жергілікті өзін-өзі басқару органдарының дербестігіне олардың заңмен белгіленген өкілеттігі шегінде кепілдік беріледі. Мемлекет олардың қызметін және олардың өкілеттігінің шегін заңдылық деңгейінде тек жалпы шеңберде белгілейді. Басқа жағдайларда өзін-өзі басқару органдары мәселені дербес шешеді. Сондықтан жергілікті жерлерде мұндай органдардың құрылуы тек атауы бойынша ғана емес, бағыты, нысаны, қызмет тәртібі, кірістердің

директоры Қайсар Нығметовтың пайымынша, жергілікті маңыздағы мәселелер бойынша шешім қабылдау процесіне азаматтарды тарту – маңызды мақсат. Дамыған жергілікті өзін-өзі басқару тұрғысында азаматтар өмір сүру сапасын арттыруға ықпал ететін шешімдерді өздері таңдайды. «Жергілікті өзін-өзі басқару реформасынан қандай экономикалық нәтиже күтуге болады? Бірінші кезекте ол ауылдық округтер деңгейінде экономикалық базаны қамтамасыз етуге байланысты болады. Осы орайда қазіргі түсімдер және оларға бірқатар салық пен төлемнен қосымша қаражатты беру есебінен ескеріледі. Атап айтқанда, 2019 жылы шағын және орта бизнестен түсетін корпоративті табыс салығынан түсімдерді республикалық бюджеттен жергілікті бюджетке беру шешімі қабылданды. 2020 жылдың қорытындысы бойынша COVID-19 пандемиясы салдарынан өңірлерде экономикалық белсенділік төмендегеніне қарамастан, былтыр жергілікті бюджеттерге аталған корпоративті табыс салығы 482 млрд теңге шамасында жиналды. Жоспарда 386 млрд теңге ескерілген еді немесе 25 пайыз шамасында өсім болды.

төртінші деңгейіне бірқатар салық пен төлемді беру жоспарланып отырғаны нақтылады. Бұл ретте бірінші жер салығы, жер телімін пайдаланғаны үшін төлем, жер учаскесін сатудан болған түсімдер қарастырылған. Ал, 2024 жылы су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемдерді, қызметтің жеке түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алымды беру жалғасады. Енді жергілікті өзін-өзі басқару органдары елді мекендерде өмір сүруде сапалы қызметтерді қамтамасыз ету үшін қаржылық ресурстармен бекітілген құзырет пен тетіктерге ие болады. Жеке табыстарынан келген қаражат ауылдық округті дамытуға және жергілікті маңыздағы мәселелерді шешуге бағытталады. Ауылдық округтер салық базасын арттыру есебінен ауылдық округтердің өз-өзіне жеткілікті, яғни табыстың жалпы көлемінен жеке кірісінің үлесі орташа есеппен 2025 жылы 35 пайызға жетеді деп жоспарланған. Бұл реформаның мақсаты – халыққа жергілікті билік қызметінің ашықтығы мен есептілігін қамтамасыз ететін тиісті жүйені құру. Осы тұрғыда елді мекен тұрғындары әкімдерді тікелей сайлау мүмкіндігіне ие болып отыр. Өз

ігерудегі тиімділікке мониторинг жүргізіліп, ауылдық округ әкімшілігі қызметі туралы әкім есебі тыңдалады. «Азаматтардың белсенділігі – жергілікті өзін-өзі басқару органдары қызметі тиімділігінің бірінші кезектегі талабы болып отыр. Мемлекеттік органдар, оның ішінде жергілікті өзін-өзі басқару органдары халықпен кері байланыстың заманауи тетіктерін тиімді пайдалануды үйренуде. «Осылайша, жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару елді мекеннің нақты экономикалық әлеуетіне сүйеніп отырып, өзекті мәселелерді жедел шешуге мүмкіндік беретін қаржы құралына ие болады. Сонымен қатар, барлық құрылған активтер олардың иелігінде болады және алынған ресурстарды жерлердегі нақты жобаларға дербес жіберуге болады деген үмітпен оны дамыта алады. Келешекте жергілікті өзін-өзі басқару органдары өңірдің әлеуеті мен ерекшеліктеріне сүйеніп отырып, өзінің экономикалық дербестігін нығайтатын болады.

Ануар Тоимбеков,
Саршыған кентінің әкімі.



Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ

Кез-келген өркениетті қоғам үшін сыбайлас жемқорлықпен күрес ең өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Сондықтан да Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатының негізгі басымдылықтарының бірі болып осы шарамен күресу болып табылады.

Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңына сәйкес, сыбайлас жемқорлықпен күресті барлық мемлекеттік органдар мен онда қызмет атқаратын лауазымды тұлғалар бірауыздан жүргізулері тиіс.

Басқарма бойынша «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заң талабының аясында жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер жүзеге асырылуда. Әлеуметтік желілерде, ақпараттық стендте сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі Қарағанды облысының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаментінің, Басқарманың сенім телефондары жарияланған.

Басқарма басшысының м.а. бұйрығымен «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі 2024 жылға арналған іс-шаралар жоспары» бекітілген. Басқарманың қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу жөніндегі жұмыс тобы Басқарма қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізеді.

Әр аппараттық кеңесте Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасы талаптарының және Әдеп кодексінің (оның ішінде әртүрлі материалдық құндылықтарды, қызметтерді қабылдауға тыйым салу мәселесі, мемлекеттік қыз-

метшілердің жұмыс және жұмыстан тыс уақытта мінез-құлық қағидалары және т.б.) талаптарының, сондай-ақ мемлекеттік қызметшінің сыртқы келбеті қағидаларының мүлтіксіз сақталуын қамтамасыз ету мәселесі талқыланады.

Басқармада қолданыстағы заңнаманы зерделеу бойынша құқықтық жалпы оқыту, оның ішінде Мемлекеттік қызмет, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және мемлекеттік қызметшілердің Әдеп кодексінің нормалары бойынша бұйрық бекітілген, орындайлысы қамтамасыз етіледі. Бақылау-қадағалау функцияларын жүзеге асыратын мамандардың кәсіпкерлік, әкімшілік құқық бұзушылық саласындағы заңнама, рұқсаттар және хабарламалар туралы заңнама талаптарын сақтауы қамтамасыз етеді.

Мемлекеттік органдармен, мемлекеттік кәсіпорындармен және басқа да мүдделі тұлғалармен сыбайлас жемқорлыққа қарсы субъектілердің өзара іс-қимылын нығайту мақсатында меморандумдарға қол қойылады. Жеке және заңды тұлғаларға мемлекеттік қызметтер «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы электрондық түрде көрсетіледі. Көрсетілетін қызметті беруші мен көрсетілетін қызметті алушының Е-лицензиялау ақпараттық жүйесі арқылы тікелей байланыс қамтамасыз етілген.

Бұйрықпен «сенім телефонына» және «шағымдар мен ұсыныстар жөшігіне» келіп түскен жеке және заңды тұлғалардан өтініштерді қабылдауға жауапты қызметкер тағайындалған.

Жеке және заңды тұлғалардың шағымдары мен

өтініштерін қабылдау жөшігі арқылы келіп түсетін шағымдар мен өтініштердің уақтылы тіркелуіне бақылау жүргізіледі. Жеке және заңды тұлғалардың өтініштері уақтылы қаралады.

Басқарма басшысының м.а. жеке мәселелер бойынша азаматтарды қабылдау кестесі бұйрықпен бекітіліп, қабылдау күндері, апта сайын сәрсенбі күндері сағат 16-00 ден 18-00-ге дейін белгіленген. Басқарма тарапынан халықтың жүгінулеріне, БАҚ-та, әлеуметтік желілерде сыбайлас жемқорлық, құқық бұзушылықтарға сигналдардың жариялануына мониторинг ұйымдастырылып, расталған жағдайда жедел әрекет ету және материалдарды сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл органдарына беру жоспарланған.

Басқарманың ресми әлеуметтік желілерінде сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға бағытталған бейнероликтер, инфографикалар жарияланып тұрады. Басқармада сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жұмыстары үнемі бақылауға алынған.

Қазақстан Республикасының әр азаматы сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыра білсе еліміздің дамуы биік дәрежеге көтерілетіні хақ. Сыбайлас жемқорлықпен күресті күшейту – әрқайсымыздың азаматтық борышымыз болып табылады.

З.Битанова,
Ақтоғай аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының басшысының м.а.



Жалғасы. Басы газетіміздің №27 (1969) санында.

«Жамшы» кеңшары: Жұлдызды жылдары мен өркендеу кезеңінде

«Жамшы» асыл тұқымды қой кеңшары экономикасының өзегі – қой өсіруде, оның өнімдерінің жоғарғы сапада мемлекетке өткізілуінде тәжірибелі шопандар: әкелі-балалы Көпбаевтар, А.Рахымберлин, Ш.Нұрханов, А.Қожахметов, С.Тілеуқұлов, Ә.Тілеуқұлов, С.Жүнісов, А.Жүнісов, М.Бейсеков, Қ.Қалижанов, Қ.Сайлаубаев, Б.Қияшев, К.Ибрахимов, А.Халиоллин, З.Жамшыбаев, Е.Әлішеров, И.Құдайбергенов, Т.Тілеуқұлов, Ж.Жүнісбеков, Ө.Қуанышбеков, К.Шоқанов, М.Кәрімов, Қ.Әбілқасымов, Ө.Рақымжанов, Ө.Рахымжанов, К.Сейілбаев, С.Қапаров, Б.Кенжин, М.Кенжин, С.Көпбаев, Ж.Карин, Р.Жұмабеков, Ы.Жұмабеков, Б.Байжұманов, С.Аманбаев, Д.Аманбаев, Қ.Қауанов, С.Қауанов, Ф.Момынов, Ө.Қабышев, Ф.Хамиев, М.Әлімжанов, С.Бейсенбин, Т.Көшербаев, А.Көшербаев, М.Рақымжанов, Р.Рақымжанов, М.Сақбаев, Т.Ермағанбетов, Қ.Әбдірахманов, Е.Байжұманов, Б.Ынтықбаев, Н.Боранқұлов, Б.Әбеуов, Ө.Рақымжанов, С.Асанов, Ш.Башаев, М.Жухин, Ф.Жаксыбеков, Қ.Нығымбеков, М.Әшімбеков, А.Домбаев, Е.Дүйсенбеков, Н.Еденов, Ө.Ермеков, О.Омарбаев, А.Садықов, Б.Мұстафин, Қ.Ағылбаев, Б.Омарбаев, Қ.Балтабаев, т.б. аянбай еңбек етті. Көмекші шопан міндетін атқарған шопандардың жұбайлары да олардың сенімді тірегі бола білді. Бірталай шопан жанқиярлық еңбегі үшін мемлекеттің жоғарғы наградаларына ие болды.

Жылқы өсіру ісімен айналысуға қажырлы, табанды адамдар жіберіліп отырды. Кеңшардың жылқы бригадасына басшылық жасауды бірінші болып қолға алған С.Омарханов, жылқышылар Қ.Құсайынов, Т.Ермағанбетов, Қ.Жабағытаев, М.Бейсеков, одан кейінгі Қ.Кәрімов, Т.Байқатов, С.Байқатов, Б.Байқатов, Қ.Әбдірахманов т.б. мал басын өз төлі есебінен көбейтуде, тұқымын асылдандыруда біршама жұмыстар жасады. жұмыс үстінде жүріп каза болған бас жылқышы Сағындық Омарханов есімі жылқы қыстағына берілді.

Ірі қара бағудағы Ы.Карин, Р.Аханов, Н.Жақыпбеков, Ф.Хамиев, Т.Әбдірахманов, Е.Дүйсенбеков, т.б. бақташылардың нәтижелі жұмыстарын айта кету керек. Мал шаруашылығының зоотехникалық-мал дәрігерлік талаптарға сай жүргізілуіне мейлінше ықпал етіп, басшылық жасаған, шопан-бақташылармен үнемі пікірлесіп, ақыл-кеңестерін беріп отырған, оларға қалыпты еңбек жағдайын туғызуды әрдайым назарда ұстаған кеңшардың бас зоотехниктері болған Қ.Шәймерденов, Ж.Қызылбаев, Т.Мақашев, С.Әбеуов, С.Аханов, бас мал дәрігерлері Қ.Қасымов, З.Құдашбаев, К.Омаров, М.Кенжин, Х.Мұхамедин, бөлімше басқарушылары Ә.Мұқанов, Қ.Алдабергенов, О.Рақымбеков, Ы.Даданбаев, С.Ибраев, Т.Төлегенов, Қ.Никанов, Б.Аханов, Ж.Ошанов, О.Оңғарқұлов, Қ.Бейсенбин, Ж.Хамиев, орта буын зоотехниктер мен веттехниктер А.Костюкеевич, А.Айтжанов, К.Мусин, Т.Карин, Б.Карин, А.Махмутов, С.Әбділдин, А.Рахымберлин, Қ.Аманбаев, А.Еденов, С.Баймағанбетов, Т.Ермағанбетов, М.Долбаев, Б.Қалижанов, А.Әбеуов, Н.Әйнеков, Ж.Қалпебаев, Ф.Хасенов және т.б., ветеринариялық аптека менгерушісі Е.Жолдасбаев табысты қызмет жасады.

Осындай шопан-бақташы, мал мамандарының, ферма менгерушілерінің мақсатты жұмыстары нәтижесінде кеңшар жыл сайын 750-780 тонна ет, 100-120 тонна жүн, 20 000 дана көлемінде мал терісін мемлекетке өткізіп, аудан экономикасына үлкен үлес қосып отырды, шаруашылықтың қаржылық мол мүмкіндігін қамтамасыз етті.

Кеңшарда қысқа түсетін мал басына қажетті жем-шөп дайындауда, құнарлы жем-азықпен қамтамасыз етуде өсімдік шаруашылығымен, оның ішінде егіншілікпен шұғылдануға байыпты көзқарас өз нәтижесін беретін жағдайға жетті.

Бұрынғы кеңшарлар кезіндегі Бірлестік және Калинин бөлімшелеріндегі салынған шағын егістіктерден бөлек, Жамшы өзенінің екі қабағын, кеңшар орталығынан аса қашық емес алқапта тың жерлер игеріліп, барлығы 4525 га егін, 1200 га көпжылдық шөп егілді. 2535 га шабындықпен қоса, түбірінен жақсартылған жайылымдық көлемі 18 000 гектарға жеткізілді. Егіннен кей жылдары әр гектарынан 10 центнерден өнім алынып жүрді. Астықтың дені мал азығына пайдаланылатын арпа болатын. Егіншіліктің қалыптасқан технологиясы толық сақталып, дайындалған тұқымды себу, шыққан өнімді қорғау, астықты орып бастыру, кептіру, сақтау циклы жүйелі жүргізілуі үшін қажетті техника, комбайндармен қамтамасыз етілді. Механикаландырылған қырман, астық қоймалары, ЗАВ-20 астық тазалау агрегаты, 30 тонналық автогаразы салынды.

Қазақ гидрогеология институтының жерасты су қорын түбегейлі зерттеп, қорытынды беруімен, Су шаруашылығы және мелиорация министрлігі мен Жезқазған облыстық су шаруашылығы басқармасының қаржыландырып, мердігерді шешуімен 1989 жылы Қояншоқы алқабында 7 ұңғы (скважина), ЭЦВ-8 сорғылары, 680 текше метр су жинақтау

резервуарымен, ДДА-100М жанбырлатып суаратын қондырғысымен 150 гектар қоршалған суармалы егістік пайдалануға берілді. Егістіктің 100 га бөлігіне жоңышқа (люцерна), қалған бөлігіне – 30 гектарға жүгері, 10 гектарға картоп, 10 гектарға түрлі көкөніс егіліп, 500 тоннаға дейін құнарлы мал азығы, 70-80 тонна көлемінде картоп пен көкөніс жиналып, сүрлем мал бордақылау алаңына, көкөністер кеңшар асханасы мен еңбекшілерге, аудандық тұтыну қоғамына өткізіліп отырды.

Егістік жерді желден, эрозиядан қорғап, қар тоқтату үшін Казгипрозем институтының күшімен 450 гектар орман алқабы (лесополоса) жобасы жасалып, аудандық орман шаруашылығы мекемесі екі жылда іске асырып шықты. Бұл шараның өзі егіннің түсімі мен топырақтың құнарлылығын сақтауға үлкен септігін тигізді.

Мал азығына жылына 10 000 тоннаға дейін пішен және пішендеме, 1500-2500 тонна көлемінде жемдік арпа дайындалды. Жемазық дайындау цехы тұрақты жұмыс жасап тұрды.

Осы аталған шаруаларды атқаруда бас агроном болып қызмет атқарған А.Арыстанбеков, Т.Мұқажанов, Ө.Тәсімбеков, қоймашы әрі қырман менгерушісі О.Рақымбеков, суармалы алқап бригадирі Ф.Күзембаев, комбайнерлер: Ж.Хамиев, Т.Сәденов, С.Омарханов, Қ.Абақов, Б.Байжұманов, С.Тәтибеков, Т.Бизақов, Д.Рахымбеков және т.б., бөлімшелердегі мал азығын дайындауда еселі еңбек еткен трактор бригадасының бригадирлері: Д.Исин, М.Әбілдин, Қ.Зейнетоллин, С.Шөкенов, Б.Баймағанбетов, Т.Сәденов, И.Оспанов, Н.Қамбаров, Ө.Қақабаев, Б.Әбілқасов, А.Көшкімбаев, М.Аманбеков, Е.Хамиев, С.Қуатбеков, Е.Ақшолоқов, т.б., механизаторлар: Қ.Игенев, С.Тоқабаев, Б.Ағылбаев, Ө.Омарбаев, М.Исина, М.Сәденов, Т.Әбдірахманов, М.Кеңеков, Е.Ошақбаев, А.Жанабергенов, Қ.Тоқабаева, С.Рақымжанов, О.Ыбыраев, Б.Сәденов, С.Балкеев, Ш.Әбділдин, Б.Көпбаев, Қ.Шоқанов, Б.Қуанышбеков, М.Мақаев, М.Баймағанбетов, Р.Шорманов, С.Қуатбеков, А.Сәденов, Е.Әукеев, Д.Қабышев, Ш.Қабышев, М.Нұр-ахметов, Д.Жүнісов, Қ.Ысқақов, Қ.Байқатов, С.Жүнісов (Жайлыбаев), Н.Түймішінов, Т.Жүнісбеков, Т.Дәрібеков, О.Рахымжанов, С.Тілеуқұлов, М.Тілеуқұлов, Е.Ынтықбаев, Қ.Жақыпов, т.б. уақытпен санаспай атқарған жұмыс-тары мал қыстатуды ойдағыдай өткізудің берік кепілі болды.

Кеңшар өндірісінің, әлеуметтік-тұрмыстық құрылымының бірде-бір саласының техника күшінсіз, оның базасының лайықты дамуының серпінді іс-қимыл жасай алмайтындығы белгілі. Осыған сәйкес, жаңа шаруашылықтың талап пен қажеттілік деңгейінде тракторлармен, ауыл шаруашылығы техникаларымен – комбайндармен, егіншілік және жем-шөп дайындау агрегаттарымен, автокөліктермен қамтамасыз етілуіне баса назар аударылды. Кеңшар орталығында трест 1980 жылы екі қабатты типтік машина-трактор шеберханасын (МТМ) пайдалануға беріп, оның ішіндегі цехтар түрлі станоктармен, сынақ және ретке келтіру стандарттарымен, жүкті көтеріп-қозғалту тетігімен (тельфер), басқа да құрылғылармен жабдықталды. Автогараж салынып, двигатель жөндеу цехы мен авторактордық қосалқы бөлшектері тұратын қойма іске қосылды, үлкен аумақ қоршалып, жалпы машина алаңы жасалды.

Мұндай жоғарғы деңгейдегі материалдық-техникалық база кеңшар балансындағы техниканы тиімді пайдалану мен уақтылы әрі сапалы жөндеуге мол мүмкіндік берді.

Мал азығын дайындау мен мал қыстатуды дұрыс өткізуде, егін салу мен ору, астық өнімдерін тасымалдауда, мал өнімдерін мемлекетке өткізу үшін тиісті өңдеу орындарына жеткізуде, қалалардан кеңшарға қажетті әр түрлі жүктер әкелуде, бөлімшелерге, қыстақтарға, жалпы кеңшар еңбеккерлеріне әлеуметтік-тұрмыстық қызмет көрсетуде 10 «Кировец», 30-ға жуық «ДТ-75» шынжыр табанды, 70-тен астам доңғалақты тракторлар, жеткілікті түрде трактор тіркемелері, вагон-костар, 50-ден астам әр түрлі маркадағы автомашиналар паркі алға қойған міндеттерді орындауға жұмылдырылды.

Осыныша көлемдегі техниканың іркілссіз жүріп, сапта болуына, автокөліктердің линияға шығу коэффициентінің жоғарғы көрсеткішін қамтамасыз етуде сауаттылық пен біліктілік көрсеткен бас инженерлер: С.Изагов, Т.Атабаев, машина алаңының менгерушісі Б.Байқалов, МТМ менгерушілері: Қ.Рақымбеков, Ж.Сейтқалиев, С.Кенжин, Д.Үйсінбаев, гараж менгерушісі Е.Дүйсенов, автомеханик С.Тәтибеков, қауіпсіздік техникасы жөніндегі инженерлер: Ө.Қақабаев, Т.Шөкенов, Б.Метжанов, Е.Шөріпов, электротехниктер: Ж.Қаршығин, Т.Шөкенов, инженер-жабдықтаушы Ө.Баспақов, жоғарыда аталып өткен бригадирлер мен механиктер, комбайншылар, қуатты «Кировец» тракторларын жүргізу бастауында болған К.Жанабергенов, Б.Сейтжаппаров, С.Наурызбаев, М.Бекбаев, Е.Ақшолоқов, С.Баймағанбетов, И.Оспанов, Е.Құрманғалиев, одан кейінгі лек Р.Шорманов, С.Қуатбеков, Ш.Қабышев, С.Шақтаев, Ө.Қордабаев, Қ.Наурызбаев,

Ж.Ибрахимов, Б.Нұрбеков, І.Әбділдин, Ф.Қамбаров, Т.Қуатбеков, байырғы және жана толқын шоферлар: С.Күзембаев, Х.Кенжин, Ж.Ақтайбеков, Ө.Мұстафин, О.Хасенов, Т.Майлыбаев, С.Хамитов, Н.Ынтықбаев, С.Татықов, Ө.Баспақов, Д.Қаршығин, М.Төлеуов, Е.Бакиров, Т.Әбдірахманов, А.Дәрібеков, Л.Файст, Е.Нұржігітов, Қ.Аршабеков, О.Маухиев, М.Айғалиев, С.Қазақбаев, Ж.Хамиев, Ө.Бейсеков, М.Аманбеков, Қ.Шәкітаев, С.Тоқабаев, Қ.Хамитов, О.Рахымберлин, А.Жармағанбетов, Ж.Мұсаханов, Ф.Әлин, Б.Шайхин, Ж.Ибраев, Қ.Ибрахимов, С.Көпбаев, А.Қанатбеков, Е.Жолдасбаев, М.Қақабаев, Қ.Хамиев, Б.Әлбергенов, Р.Аятаев, С.Адамбаев, Б.Байжұманов, О.Шорманов, Б.Қазақбаев, Қ.Жүнісов, Қ.Майлыбаев, С.Жүнісов, Т.Наурызбаев, Е.Құдайбергенов, Қ.Қағазбаев, Б.Байжұманов, Қ.Хасенов, Қ.Әмірханов, Қ.Жүнісов, Е.Рахымбеков, С.Әбілқасымов, Қ.Әлуақасов, У.Әрінов, А.Молдағабалов, Д.Баспақов, А.Күзембаев т.б., жанар-жағар май құю базасының оператор-есеп жүргізушілері: Р.Рахымбеков, С.Шөкенов, К.Омарханов, металл жонушы (токарь) С.Омарханов, дәнекерлеушілер Кәріпбек Серікбаев, Кәкіш Аяжанов, мотор жөндеуші М.Қауанов т.б. шаруашылықтың өркендеуіне зор үлестерін қосты.

Кеңшардың қаржы саласы мен есеп-қисабын алғаш күннен бастап-ақ темірдей тәртіппен, адал да орнымен жүргізуде бас бухгалтерлер: Қ.Жұмабеков, Т.Мұқатаев, М.Сүлейменов, З.Шамғынов, салалар бойынша және бұрын фермаларда болған бухгалтерлер: А.Бедербеков, Қ.Алдабергенов, Г.Оңғарқұлова, М.Баймурзина, Т.Хасенова, М.Әбілдина, М.Сүлейменова, Қ.Кенжина, Ж.Сопыжанова, К.Қамиева, Қ.Дүйсенова, Б.Ахметбекова, Р.Тәтибекова, М.Стамбеков, Т.Әбетов, С.Әбділдин, М.Шоқанов, С.Баймағанбетов, А.Егінбаева, кассирлер Т.Әлин, Қ.Кенжебаев үлкен жауапкершілік үлгісін көрсетті.

Шаруашылықтың әрбір саласына терең талдау жасап, түскен қаржының ауыл еңбеккерлерінің лайықты еңбекақысына, әлеуметтік-тұрмыстық жағдайын көтеруге, қажетті құрылыс-жөндеу жұмыс-тарын жүргізуге т.б. тиімді бөлінуін экономикалық тұрғыда негіздеп, базалық көрсеткіштеріне дұрыс болжам жасап, орындальсын бақылауда алғашқы күннен бас экономист С.Аяғанов, еңбек жөніндегі экономист Д.Стамбеков талмай қызмет етті.

Кеңшардың кеңсе аппаратында кадрлармен жұмысқа, іс қағаздарының, құжаттамалардың ережелге сай жүргізіліп, сақталуына, архивке өткізілуіне бухгалтериямен бірлесе отырып, ыждағатты әрі ұқыпты қарап, сауаттылық көрсеткен кадр бөлімінің инспекторлары: Д.Стамбеков, М.Асылбеков, Ө.Әбенов, Қ.Кенжебаев, Е.Қуатбеков, іс қағазын жүргізуші хатшылар Ш.Омарбаева, Қ.Хамзина еңбектерін де атап өту қажет.

Орталық заттар қоймасы мен астық қоймаларындағы материалдық құндылықтардың сақталуы мен таратылуын менгерушілер Т.Әлин, О.Рахымбеков іскерлікпен қамтамасыз етті.

Салынып, пайдалануға берілгеннен бастап Орталық жылу қазандығының қысқы маусымда апатсыз жұмыс істеп, қалыпты температура ұстап тұруына, көмірмен толық қамтамасыз етілуін бақылауда, жазғы дайындықта оның менгерушісі болған К.Сәлімбаевтың жарғақ құлағы жастыққа тимеді. Оның қарамағында қыс мезгілінде жұмыс істеген от жағушылар да өз міндеттерін жауапкершілікпен орындап жүрді.

Ауылда ауыз сумен қамтамасыз етуде, сорғы стансасының қалыпты ырғақпен жұмыс істеуінде Б.Қамбаров, жарылған трассаларды қазып, жөндеуді ұйымдастыруда экскаваторшы М.Әбілдин, электр қуатымен жабдықтауда подстанция басшылары: М.Қақабаев, А.Сейілханов, электромонтерлер Ө.Әбілдин, Қ.Кеңеков, Е.Мұқатаев, Е.Рахманов, Ж.Қаршығин, Ф.Мақсұтов, Қ.Орынбеков, Т.Шөкенов халыққа лайықты қызмет көрсетті.

Жоғарыда аталған коммуналдық-тұрмыстық салалар мен кеңсе ғимаратын ұстаудағы жұмысты кеңшар директорының шаруашылық жөніндегі орынбасары Қ.Қисин, Н.Бейсенбаев икемді үйлестіріп отырды.

Кеңшардың қосымша салаларында ондаған адамдар өздерін лайықты жағынан көрсете алды. Қой қырку мен жүн престоуде М.Рахымбекова, К.Ахметова, З.Шөкенова, К.Әмірқұлова, К.Садықова, А.Ибраева, Х.Мақсұтова, К.Баспақова, Ө.Қам-барова, Ш.Тоқабаева, Ү.Төлеубаева, П.Жанұзақова, Б.Рахымберлина, О.Іңкәрбекова, Қ.Молдағабалова, М.Рахымбекова, П.Шөкенова, С.Тоқабаева, К.Солтанбекова т.б., наубайхана қызметкерлері: Ш.Қуатбекова, П.Жанұзақова, Н.Хасенова, М.Әлина, қонақ үй менгерушілері: З.Оразбаева, М.Қонақбаева, Д.Қанатбекова, аспаздар М.Әбеуова, К.Балкеева, моншашылар: Қ.Жабағытаев, А.Көшкімбаев, әр түрлі жұмыстағы көптеген жастар еңбегі айтуға тұрарлық болды.

Кеңсе өкіметі кезінде қалыптасқан дәстүрлі құрылым бойынша өнеркәсіптік болсын, ауыл шаруашылығы кәсіп-

орны болсын, белгілі «бестік» бірлік басқарудың негізін құрады. «Жамшы» кеңшарында да директордың жеке дара басқаруға жеткілікті құқығы болғанмен тежемелік және тепе-теңдік қағидатына сай партия, кеңес органдарымен, кәсіподақ, комсомол ұйымдарымен тығыз ынтымақтаса жұмыс жасау дұрыс жолға қойылған еді. Кеңшар партия комитетінің, селолық кеңес атқару комитетінің, кәсіподақ және комсомол комитеттерінің шаруашылықтың әлеуметтік-экономикалық, мәдени-тұрмыстық дамуындағы сындарлы жұмыстары, дирекциямен іскерлік қарым-қатынастары түптеп келгенде алға қойған міндеттерді шешуде үлкен роль атқарды.

«Жамшы» кеңшары партия комитетінің хатшысы болып алғашқы жолы сайланған М.Қалиақпаровтың аудандық органға ауысуына байланысты шаруашылық коммунистері бұл лауазымға бірауыздан бекіткен З.Аманбаев 15 жыл үзбей ауданның ең ірі партия ұйымдарының біріне нәтижелі әрі тиімді басшылық жасады. Адамдармен жұмыс жасауда мол тәжірибе жинақтап, қыр-сырын толық меңгерген, көпшілікті ақылымен ұйытып, сөзімен тоқтата алатын кемел тұлға Зияда Аманбайұлы кеңшар басшысымен тіл табыса жұмыс жасап, партия саясатын, қойылған міндеттерді коммунистерге, ауыл еңбеккерлеріне жеткізуде, қоғамдық ұйымдарға қолдау көрсетіп, басшылық етуде парасаттылық көрсете білді. Аудандық партия комитетінің берік сеніміне ие болып, абыроймен дербес зейнеткерлікке шықты. Орнына жас кадр, аупартком нұсқаушысы Е.Хасенов сайланды.

Кеңшардың жұмысшылар (кәсіподақ) комитетінің төрағалары болып әр жылдары Қ.Әбдіразақов, Қ.Әбдіғұлов, М.Балғабаяв, Б.Иманбаев, Қ.Мұқажанов, М.Оңғарқұлов, Ж.Әбжанов қызмет етті. Бұл азаматтардың барлығы тәжірибелі, жауапкершіліктері мол іске мығым кадрлар еді. Шаруашылықтың шопан-механизаторларының, жұмыскерлерінің мүддесін қорғауда, оларға еңбек, мәдени-тұрмыстық жағдай туғызуда жоқтаушы болып, демалыстары мен денсаулықтарын түзуді ұйымдастыруда мақсаткерлікпен жұмыс жасады.

Комсомол комитетінің хатшылары болып әр жылдары жұмыс жасаған Қ.Кенжебаев, З.Шамғынов, Е.Әлкеев, Ә.Кәкішев, С.Бакирова, А.Аманбаев нағыз жастар көшбасшысы ретінде көрініп, кеңшардың сан-салалы, маусымдық жұмыстарына комсомол жастарды жұмылдыра білуде, олардың шопан, механизаторлар бригадасына бірігіп, шаруашылық экономикасын көтеруге үлестерін қосуда, ауыл еңбеккерлерінің мәдени демалуы мен спорттық шараларды ұйымдастыруда партия комитетінің басшылығымен ауқымды істер атқарды.

Нүркен селолық кеңесі атқару комитетінің төрағалары лауазымында әр жылдары З.Аманбаев, Ғ.Ибраев, Ә.Әбдіғұлов, М.Балғабаяв қызмет етті. Зияда Аманбайұлы туралы жоғарыда айтылып кетті, одан кейінгі төрағалар Ғалым Ибрайұлы, Әшембек Әбдіғұлұлы, Мәжит Кенжеұлы да білім беру саласында, шаруашылықта, партия, кеңес, кәсіподақ органдарында ұзақ жылдар жұмыс жасаған, көрген-түйгендері жеткілікті, ысылған басқарушылар қатарынан болатын.

Атқару комитетінің хатшысы М.Әбдіраев селолық кеңестің ең бірінші сессиясында бекіп, осы қызметте 20 жылдан аса, селолық кеңес тарағанша болып, одан кейін жаңа құрылым – өкім аппаратына ауысты.

Атқару комитетінің басшылары селолық кеңес депутаттары орталық пен бөлімшелерді абаттандырып көркейтуге, әлеуметтік-мәдени нысандар мен бюджеттен қаржыландыратын мекемелер жұмысын жетілдіруге бағыттап, сессияларда келелі шешімдер қабылдауға ықпал етіп отырды.

Кеңшар орталығындағы дәрігерлік амбулаторияның бас дәрігері Ғ.Құтжанов бастаған медицина қызметкерлері: Р.Ермекова, Қ.Иманбаева, Ш.Омарханова, Е.Әбдірахманова, бөлімшелердегі медпункттер фельдшерлері: М.Әйнекова, Л.Розанко, Р.Садықова, А.Жолдасова, Т.Тілеуқұлова, Б.Оспанқұлова ауыл еңбеккерлерінің денсаулығын жіті қадағалап, тиісті ем-домдарын уақытылы жасап, науқас жандарды ауруханаларға жіберіп отырды.

Пошта бөлімшесінің меңгерушісі Е.Қақабаев, пошта тасушы М.Мүксиянова алыс қыстақтарға дейін газет-журналдардың, хат-хабарлардың уақытылы жеткізіліп, түрлі төлемдердің тиесілі адамның қолына тиюін мүлтіксіз қамтамасыз етті.

Телефон байланысының техниктері С.Омарбеков, М.Бекбаев кеңшар орталығы мен бөлімшелердегі телефон байланысының тұрақты жұмыс істеп, қалааралық байланыстың тұрғындар үшін қолжетімді болуына нәтижелі жұмыс атқарды.

Кеңшар орталығындағы Мәдениет үйінің директорлары З.Шамғынов, А.Тілеуқұлова, Ғ.Стамбекова, А.Шөкенов, Бірлестік және Калинин бөлімшелеріндегі клубтар меңгерушілері: М.Жұмаділова, Ә.Қабышева, О.Шорманов, Ү.Сопыжанова, Т.Тілеуберлин, киномеханиктер Қ.Шәкітаев, Т.Бейсекова, М.Қожахметова, М.Әлина, Қ.Көкеев, кітапхана қызметкерлері Х.Мақсұтова, Ү.Төлұбаева, Р.Бакирова, Ғ.Омарова т.б. тұрғындардың мәдени демалысын ұйымдастыруда, білімдерін көтеріп, ақпараттық-танымдық көк-жиектерін кеңейтуде мақсатты жұмыстар жасады.

М.Тәтибеков,
Кеңшардың бұрынғы директоры,
мемлекеттік қызмет ардагері.

(Жалғасы бар).

«Жамшы» ауылы туралы

Данагүл Стамбековтің өз қолымен жазған естелігі

Сейілбек баласы Данагүл әкеміз 1945 жылдың 1 қаңтарында Қарағанды облысы, Қоңырат ауданы, Калинин ауылында дүниеге келген. Әкесі Стамбеков Сейілбек пен анасы Дөкен Мұсақызы елге сыйлы, беделді, халық үшін еңбек еткен жандар.

Калинин ауылының мектебінен 1962 жылы орта білім алып, 1962-1967 жылдар аралығында Алматы қаласының Зоотехникалық -малдәрігерлік институтына оқуға түсіп, жоғарғы білім алған. Ұзақ жылдар кадр бөлімінің инспекторы, еңбекақы жөніндегі экономист қызметін атқарды.

Әкеміз Данагүл жастайынан еңбекке ерте араласып, лайықты қыз-мет етіп, әр ісімен үлгі болды. «Жамшы» кеңшарының құрылған уақытынан бастап, өсіп-өркендеуіне, гүлденуіне өз үлесін қосқан жан. Ауылдың тыныс-тіршілігі жайлы мақалалар жәйі жазып, аудандық «Арқа еңбеккері» газетінің штаттан тыс тілшісі қызметін атқарды.

Әкеміз Тойымбекова Ләззат анамызбен 4 бала өсіріп, 11 немере, 1 шөбере сүйді.

2022 жылы жарық дүниемен қош айтысқан әкеміздің 1973 жылы құрылған «Жамшы» ауылының тыныс-тіршілігі, ауылға жасаған барша жұмыстың басы-қасында жүріп, қаншама жандардың сіңірген еңбектері туралы естелігін газет бетіне ұсынуды жөн көрдік.

«Жамшы» кеңшары 1973 жылдың 20 қазанында Қоңырат кеңшарының Калинин, Ақтоғай кеңшарының Бірлестік, Ақши, Имек бөлімшелерінің есебінен құрылды. Орталығы Бірлестік болды. Қызметкерлердің бәрі дерлік салт істеді. Әрқайсысы әркімнің үйінде жатты. Елдің көңіл-күйі көтеріңкі. Жұмысқа ынталы. Алға қойған мақсаттары айқын. Кеңшарды өркендетеміз, жақсы өмір сүреміз, кеңшарға жаңа орталық саламыз деген арман-тілектермен ұйымдасып, бірлесіп, күлшына еңбек етіп жатты. Кеңшардың Қауаз Мұқажанов бастаған басшылары да еңбекшілердің еңбек жағдайын жасап, жұмысты дұрыс ұйымдастыра білуінің арқасында шаруашылық жақсы өркендей бастады. Кеңшарда еңбек, тұрмыс жағдайының жақсы болуына байланысты жан-жақтан шопан, механизатор, шофер, т.б. мамандар: Әбжанов Бақыт, Бейсембаев Нығман, тракторшы Түймішінов Нақыпбек, шофер Амантаев Армия, мал мамандары Ниқанбеков Қали, Долбаев Мұқатай т.б. жинақтала бастады. Жергілікті механизатор мамандықтарын көбейту мақсатында Жаңарқадағы К-700 мамандарын дайындайтын СПТУ-ға адамдар жіберіп, оқытып алды. Сөйт-жаппаров Бекен, Наурызбаев Сағат, Бекбаев Мұсабек, Жаңабегенов Көмірбай оқып келді. Көктем шыға кеңшар орталығының қазіргі тұрған жерінен орталықтың құрылысы бой көтеріп, типтік үлгідегі 2 квартиралы үйлер салына бастады. 1974 жылдың күзінде алғашқы салынған 7 үйге қоныстану басталды. Құрылыс қарқынды жүріп, үйлер біріннен соң бірі бігіп жатты. Салушы «Прибалхашстрой» тресі. Құрылыстың қарқынды жүруіне, орталықтағы үйлердің көптеп салынуына және оның типтік үлгіде көше-көше болып сән түзеуіне, 400 балалық мектеп, 120 балалық интернат, Ақтоғай көлемінде жоқ мәдениет үйі, балабақша, өкімшілік ғимараты, сауда орталығының салынуына кеңшар директоры Қауаз Мұқажановтың еңбегі ерекше болды. Құрылысты салуда, оны жоспарға енгізуде министрліктерге кіріп, жолығу үшін Алматыға арнайы барып, апталап жатып, істі оңынан шешіп әкелуі орасан күш-жігердің, табандылықтың, іскерліктің, ынтаның арқасы еді. Кеңшар орталығынан типті МТМ, кормоцех, қой қырку пункті, қой тоғыту алаңы, тері өңдеу цехы, жылыту орталығы, асхана, жатақхана салынды. Көшелерге су құбырлары тартылып, су колонкалары жұмыс жасады. Шаруашылық есеппен наубайхана, монша, мұнай базасы, демалыс саябағы салынды, ішінде бассейні, тир бар. Соғысқа кеткендердің есімдері жазылған мемориалды «Жауынгерлік даңқ» аллеясы бар. Бөлімшелерде құрылыс жұмыстары жүріп жатты. №3 бөлімшенің тың жерден жаңа орталығы – Ақсенгір бой көтерді. Қыстақтарда шопан үйлері, мал қоралары көптеп салынды. Қыстақтарға электр желілері тартылды. Кеңшар дегерес тұқымды қой өсірумен шұғылданды. Қой саны 53 000 дейін жетті. Дегерес қойының жүні өте жоғары бағаланды. 1000 бастай жылқы болды. Шаруашылық аудан емес, облыста алдыңғы қатарда болды. Кеңшар кейін Қ. Мұқажановтың талмай істеген қажырлы еңбегінің арқасында «Жамшы» асыл тұқымды қой өсіретін кеңшары аталды. Мал тұқымын

асылдандыру жөнінде Алматы зоотехникалық-малдәрігерлік институтының ғалымдарымен бірігіп жұмыс жасады. Дегерес қойын өсіруде Зікірия Көпбаев бастаған аға шопандар Базар Қияшев, кейін оның ақ таяғын ұстаған баласы Марат Көрімов, Шәкәрім Нұрханов, Ақтай Рахымберлин сияқты азаматтар ерен еңбектің үлгісін көрсетті. Техниканың дұрыс жүріп тұруына, қаладан жүк тасу, қыстақтарға жүк жеткізу, қар аршып, жол күреу жұмыстарына техниканың сақдай сай тұруын қамтамасыз етуде бас инженер Тасболат Атабаев, маман Баймырза Байболатов жақсы жұмыстар атқарды. Кеңшарда есеп жұмыстарын жолға қойып, материалды есепке алу, еңбекақының дұрыс есептелуін қамтамасыз етуде бас бухгалтер Мұрат Сүлейменов, бас бухгалтердің орынбасары Амантай Бедербеков, материал жөніндегі бухгалтер Қарпық Алдабергенов, бас экономист Сағынтай Аяғанов, есеп айырысу бухгалтері Гүлжан Оңғарқұлова еңбек етті. Қаукеннің тәрбиесін, үлгі-өнегесін, жұмыс істеу тәртібін көрген мамандар кейін қызметтері өсіп, жоғарылап кетті. Атап айтқанда, Қалмерден Шаймерденов «Қоңырат» кеңшарына, Жанқабыл Қызылбаев «Ақтоғай» кеңшарына директор болса, Сүйіндік Аханов «Еңбек» кеңшарына бас зоотехник болды. Жастарға қамқорлық жасауда, олардың жақсы істерін бағалап, тәрбиелеп, кеңшардың жауапты орындарына да жастарды жіберуде жақсы жұмыстар жүргізді. Мысалы, механизатор О. Оңғарқұловты №4 Имек бөлімшесіне бөлімше басқарушысы, веттехник Т. Төлегеновты №1 Калининге бөлімше басқарушысы, механизатор Ғ. Күзембаевты МТМ меңгерушісі, шофер Е. Дүйсеновты гараж меңгерушісі етіп тағайындады. Кеңшар 4500 га жерге егін (арпа) егіп, жеммен өзін-өзі толықтай қамтамасыз етті. Жем ұнтақтау (дробилка) жұмыс істеп, малшыларға жем ұнтақталған күйінде жеткізіліп тұрды.

Тұрғындарға жеңілдікпен арзандатылған бағамен жем берілді. Осы істелген жұмыстың бәрі кеңшар директоры Қауаз Мұқажановтың іскерлігінің, жұмысты ұйымдастыра білуінің, шаруашылықты және жұмыстың ығын жақсы білуінің арқасында еді. Бұл кісінің жұмысқа берілгендігі сонша, іс-сапардан таңға жақын келсе де таңертеңгі раз-нарядқа дәл уақытында келіп отыратын. Бір жаққа жұмыс бабымен іс-сапарға шықса, сол жақта көрген жаңалықтарын өз шаруашылығына енгізуге тырысатын. Мұны білетінім осының бәрін өз көзіммен көрдім, кейбір жұмыстардың басы-қасында жүрдім. Мен бұл кісінің қол астында кеңшар құрылған алғашқы күннен бастап бірге істедім. Кейде мақтансып айтатыным бар: «Мен кеңшардың қазығын ұстап тұрдым, Қаукен балғамен қазығын қақты» - деп. Қаукен шын мәнінде тек қана ресми кеңшар басшысы ғана болып қойған жоқ, нағыз ауыл басшысы, ақылшысы болды. Ең ақыры малды қалай күтіп-бағу, үй айналасына ағаш отырғызу, шатырдың қарын күреу, көше тазалығы, т.б. жұмыстардың бәріне жөн сілтеп, үйретуден жалықпайтын. Қауаз Мұқажанов нағыз іскер де білікті, ұйымдастырушылық қабілеті жоғары басшы, ақылшы, ауыл – ел ағасы болды.

Гүлнұр Данагүлқызы Стамбекова.

Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданында шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін (жалға) уақытша өтеулі жер пайдалану құқығын беру бойынша конкурс өткізу туралы ХАБАРЛАМА

2 тамыз 2024 жыл

2024 жылдың 23 қыркүйек сағат 15.00-де, Қарағанды облысы Ақтоғай ауданы Ақтоғай ауылы Ә.Бөкейхан көшесі мекенжайы бойынша орналасқан Ақтоғай ауданы әкімдігінің кіші акт залында шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін (жалға) уақытша өтеулі жер пайдалану құқығын беру бойынша конкурс өтеді.

Конкурсқа қатысу үшін мынадай құжаттар беріледі:

- 1) конкурсқа қатысуға арналған өтінім;
- 2) конкурстық ұсыныс.

Конкурсқа қатысу үшін өтінімді тіркеу және қабылдау **2024 жылдың 2 қыркүйектен 2024 жылдың 20 қыркүйек сағат 18.30-ға дейін**, Қарағанды облысы Ақтоғай ауданы Ақтоғай ауылы Ә.Бөкейхан көшесі 10Г (2 қабат, «Ақтоғай ауданының жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы бөлімі» ММ) мекенжайында орналасқан ММ-де жүзеге асырылады.

Конкурсқа қатысуға өтінім, өтінімдерді беру мерзімі аяқталғанша, қағаз тасығышта қолма-қол не почта арқылы немесе «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы беріледі. Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсқа қатысуға өтінімде:

1) Қазақстан Республикасының мемлекеттік емес заңды тұлғалары үшін – заңды тұлғаның атауы, оның тұрған жері, заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркелуі (қайта тіркелуі) туралы мәліметтер, жарғылық капиталдағы (жарғылық капиталдың жалпы мөлшерінен) үлестерінің мөлшері көрсетіле отырып, өтінім берушінің – заңды тұлғаның басшылары мен қатысушылары немесе акционерлері

туралы мәліметтер, өтінім берушінің үлестес тұлғалары туралы мәліметтер;

2) жеке тұлғалар үшін – өтінім берушінің тегі, аты және әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілген болса), тұрғылықты жері, азаматтығы, жеке сәйкестендіру нөмірі, өтінім берушінің жеке басын куәландыратын құжат туралы мәліметтер;

3) өтінім беруші үміттеніп отырған жер учаскесінің орналасқан жері;

4) конкурстық ұсыныс;

5) өтінім беруші шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурстың жеңімпазы деп танылған жағдайда, шаруа немесе фермер қожалығын не ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскесін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) шартына қол қою қажеттігі туралы хабарламаны алған күннен бас-тап үш жұмыс күні ішінде көрсетілген шартты жасасу жөніндегі міндеттеме қамтылуға тиіс.

Конкурсқа Қазақстан Республикасының белгіленген тәртіпте тіркелген мемлекеттік емес заңды тұлғаларымен (шетелдік заңды тұлғалардан, сондай-ақ жарғылық капиталында шетелдіктердің, шетелдік заңды тұлғалардың, азаматтағы жоқ тұлғалардың үлесі елу пайыздан астамын құрайтын заңды тұлғалардан басқа) Қазақстан Республикасының азаматтары ақпараттық хабармен орнатылған мерзімінен кешіктірмей конкурсқа қатысуға рәсімделген өтінім жіберіледі.

Келесі жер учаскелері конкурсқа шығарылады, төменде көрсетілген кестеге сәйкес:

№	Жер учаскесінің орналасқан жері (ауылдық округ маңайы, жер учаскесінің лот №)	Өңірдің ауыл шаруашылығына мамандауы	Жалпы ауданы, га жалға беру мерзімі, жылы	Алқаптардың құрамы, оның ішінде				Орташа балл бонитеті	Сумен қамтамасыз етілуі	Өзгеше
				Егіс тік	Шабындық	Жайылымдық	Басқа алқаптар			
1	Айыртас ауылдық округі лот №58	Мал шаруашылығы	690,5000 12 жыл			686,0000	4,5000	13	Қамтамасыз етілмеген	
2	Жер қоры лот №60	Мал шаруашылығы	2015,0000 12 жыл			2013,0000	2,0000	7	Қамтамасыз етілмеген	
3	Жер қоры лот №61	Мал шаруашылығы	909,8055 12 жыл			907,6055	2,2000	2	Қамтамасыз етілмеген	
4	Жер қоры лот №62	Мал шаруашылығы	1500,0000 12 жыл			1497,0000	3,0000	5	Қамтамасыз етілмеген	
5	Жер қоры лот №63	Мал шаруашылығы	3445,0000 12 жыл			3443,5000	1,5000	3	Қамтамасыз етілмеген	
6	Қусак ауылдық округі лот №65	Мал шаруашылығы	1200,0000 12 жыл	1100,000		97,0000	3,0000	11	Қамтамасыз етілмеген	

Конкурстық ұсыныста:

1. Бизнес-жоспар (инвестициялардың болжамды көлемі, ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіру алаңдары, ауыл шаруашылығы жануарларының мал басы, қолданылатын агротехнологиялар, ауыл шаруашылығы техникасы мен технологиялық жабдықтың, ауыл шаруашылығы саласындағы білікті мамандардың болуы, ашылатын жұмыс орындарының саны);

2. шаруашылық ішілік жерге орналастыру жобасын жасау және игеру, ауыл шаруашылығы инфра құрылымын дамыту іс шараларын орындау жөніндегі міндеттемелер;

3. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2020 жылғы 17 қантардағы № 7 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №19893 болып тіркелген) бекітілген, ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерді ұтымды пайдалану қағидаларын қоса алғанда, Қазақстан Республикасы жер заңнамасының талаптарын орындау, өңірдің мамандануына сәйкес ауыл шаруашылығы дақылдарының егіс алаңдары құрылымын әртараптандыру бойынша индикативтік көрсеткіштерді орындау, ғылыми негізделген агротехнологияларды, фитосанитариялық және карантиндік талаптарды сақтау жөніндегі міндеттемелер қамтылуға тиіс.

Конкурстық ұсынысты, «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы беру жағдайларын қоспағанда, конкурсқа қатысушы беттері нөмірленіп, тігілген түрде мөрленген немесе өшірілмейтін сиямен жазылған жабық конвертте ұсынады, конкурстық ұсыныстың соңғы беті жеке тұлғалар (немесе сенімді өкіл) үшін - қатысушының қолымен және заңды тұлғалар үшін - бірінші басшының (немесе сенімді өкіл) қолымен және мөрмен (бар болса) куәландырылады.

Өтінімде және конкурстық ұсыныста қатысушыға грамматикалық және арифметикалық қателерді түзету қажет болған жағдайларды қоспағанда, жолдар арасында ешқандай кірістірмелер, өшірулер немесе қосып жазулар болмауы тиіс.

Конкурстық ұсыныстың жабық конвертінде «шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурс 2024 жылдың 23 қыркүйек сағат 15.00-ге дейін ашуға болмайды» (ашудың нақты күні көрсетіледі) деген сөздер жазылады.

Конкурс Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары-Қазақстан Республикасы ауыл шаруашылық министрінің 2018 жылғы 20 желтоқсанындағы № 518 бұйрығымен бекітілген «Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсты ұйымдастыру мен өткізу қағидаларын бекіту туралы» Қағидағы және Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы № 442 Жер Кодексінің 43, 43-1, 48 бабының талаптарына сәйкес өткізіледі.

Қосымша ақпаратты, Қарағанды облысы Ақтоғай ауданы Ақтоғай ауылы Ә.Бөкейхан көшесі 10Г (2 қабат, «Ақтоғай ауданының жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы бөлімі» ММ) мекенжайында орналасқан, «Ақтоғай ауданының жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы бөлімі» Мемлекеттік мекемесінен ала аласыздар. Байланыс телефондары: 8710-37-2-12-92; 2-13-83, электронды мекенжайы _aktogai_zher23@mail.ru.

«Ақтоғай ауданының жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы бөлімі»

ИЗВЕЩЕНИЕ

о проведении конкурса по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства в Актогайском районе Карагандинской области

2 августа 2024 года

23 сентября 2024 года в 15-00 часов в здании акимата района, малый актовый зал село Актогай, улица Ә.Бөкейхана, 4, расположенного по адресу: Карагандинская область, Актогайский район, село Актогай, улица Ә.Бөкейхана,

4 состоится конкурс по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства (Жалғасы 7-бетте).

хозяйства, сельскохозяйственного производства.

Для участия в конкурсе подаются следующие документы:

1. Заявка на участие в конкурсе;
2. Конкурсное предложение;

Прием и регистрация заявок на участие в конкурсе будут осуществляться с 2 сентября 2024 года до 18:30 часов 20 сентября 2024 года в ГУ «Отдел земельных отношений, архитектуры и градостроительства», расположенного по адресу: Карагандинская область, Ақтоғайский район, село Ақтоғай, улица Ә.Бокейхана, 10Г.

Заявка на участие в конкурсе подается на бумажном носителе нарочно либо по почте или посредством веб-портала «электронного правительства» до окончания срока представления заявок.

Заявка на участие в конкурсе по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства должна содержать:

1) для негосударственных юридических лиц Республики Казахстан – наименование юридического лица, его местонахождение, сведения о государственной регистрации (перерегистрации) в качестве юридического лица, сведения о руководителях и участниках или акционерах заявителя – юридического лица с указанием размера их доли в уставном капитале (от общего размера уставного капитала), сведения об аффилированных лицах заявителя;

2) для физических лиц – фамилию, имя и отчество (если оно указано в документе, удостоверяющем личность) заявителя, место жительства, гражданство, индивидуальный идентификационный номер, сведения о документе, удостоверяющем личность заявителя;

3) местоположение земельного участка, на который претендует заявитель;

4) конкурсное предложение;

5) обязательства по заключению договора временного возмездного землепользования (аренды) земельного участка сельскохозяйственного назначения для ведения крестьянского или фермерского хозяйства либо сельскохозяйственного производства в течение трех рабочих дней со дня получения уведомления о необходимости подписания указанного договора в случае признания заявителем победителем конкурса по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства.

К конкурсу допускаются граждане Республики Казахстан и негосударственные юридические лица, зарегистрированные в установленном порядке, кроме иностранных юридических лиц, а также юридических лиц, в уставном капитале которых доля иностранцев, лиц без гражданства, иностранных юридических лиц составляет более чем пятьдесят процентов) оформившие заявку на участие в конкурсе в срок, не позднее установленного извещением

На конкурс выставляются следующие земельные участки, указанные в нижеприведенной таблице:

№	Направление от близлежащего населенного пункта земельных участков, № лот)	Сельскохозяйственная специализация региона	Общая площадь. Срок аренды лет	Сельхоз угодия в.т.ч				Средний балл бонитета	Водообеспеченность	Другие
				Пашня	Сенокосы	Пастбища	Другие угодия			
1	Айыртаский сельский округ лот №58	Для животноводства	690,5000 12 год			686,0000	4,5000	13	Необеспечен	
2	Земли запас лот №60	Для животноводства	2015,0000 12 год			2013,0000	2,0000	7	Необеспечен	
3	Земли запас лот №61	Для животноводства	909,8055 12 год			907,6055	2,2000	2	Необеспечен	
4	Земли запас лот №62	Для животноводства	1500,0000 12 год			1497,0000	3,0000	5	Необеспечен	
5	Земли запас лот №63	Для животноводства	3445,0000 12 год			3443,5000	1,5000	3	Необеспечен	
6	Кусакский сельский округ лот №65	Для животноводства	1200,0000 12 год	1100,000	97,0000	97,0000	3,0000	11	Необеспечен	

Конкурсное предложение должно содержать:

1) бизнес-план (прогнозный объем инвестиций, площади возделывания сельско-хозяйственных культур, поголовье сельскохозяйственных животных, применяемые агротехнологии, наличие сельскохозяйственной техники и технологического оборудования, квалифицированных специалистов в области сельского хозяйства, количество создаваемых рабочих мест);

2) обязательства по составлению и освоению проекта внутрихозяйственного землеустройства, выполнению мероприятий по развитию сельскохозяйственной инфраструктуры;

3) обязательства по исполнению требований земельного законодательства Республики Казахстан, включая правила рационального использования земель сельскохозяйственного назначения, утвержденных приказом Министра сельского хозяйства Республики Казахстан от 17 января 2020 года № 7 (зарегистрирован в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов № 19893), выполнению индикативных показателей по диверсификации структуры посевных площадей сельскохозяйственных культур в соответствии со специализацией региона, соблюдению научно обоснованных агротехнологии, фитосанитарных и карантинных требований.

Конкурсное предложение представляется участником конкурса в закрытом конверте, отпечатанное или написанное несмываемыми чернилами в прошитом виде с пронумерованными страницами, где последняя страница заверяется: подписью участника – для физических лиц (или доверенного лица) и подписью первого руко-водителя (или доверенного лица) и печатью (при ее наличии) – для юридических лиц, за исключением случаев его подачи посредством веб-портала

"электронного правительства".

В заявке и на конкурсном предложении не должно быть никаких вставок между строчками, подтирок или приписок, за исключением тех случаев, когда участнику необходимо исправить грамматические или арифметические ошибки.

В закрытом конверте конкурсного предложения указывается надпись "Конкурс по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства" и "Не вскрывать до: 15-00 часов 23 сентября 2024 года (указывается точная дата).

Конкурс проводится в соответствии с требованиями норм ст.ст.43, 43-1,48 Земельного Кодекса РК от 20 июня 2003 года № 442 и «Правилами организации и проведения конкурса по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства» утвержденного Приказом Заместителя Премьер-Министра Республики Казахстан- Министра сельского хозяйства Респуб-лики Казахстан № 518 от 20 декабря 2018 года.

Дополнительную информацию можно получить в государственном учреждении «Отдел земельных отношений, архитектуры и градостроительства» Ақтоғайского района»расположенного по адресу: Карагандинская область, Ақтоғайский район, село Ақтоғай, улица Ә.Бокейхана, 10Г (2-й этаж, кабинет 1). Контактные телефоны: 8(71037) 2-12-92; 2-13-83: электронный адрес: aktogai_zher23@mail.ru.

«Отдел земельных отношений, архитектуры и градостроительства» Ақтоғайского района».

Еске алу

«Қарап тұрсам, бұл дүние шолақ екен, Адамдар бұл өмірге қонақ екен» демекші, өмір бар жерде өлім хақ.

Қызыларай елінің тумасы, әкеміз **Құлпейісұлы Аманжол (Алпысбай)** 2023 жылдың 15 тамызында 78 жасында мәңгілік сапарға аттанды. Ауданымызда 50 жылдан аса еңбек етті, еңбек ардагері болды, адал еңбек етті, ешкімнің ала жібін аттамады. Өз ғұмырында өмірдің қызығы мен қиыншылығын көріп, халық сыйлайтын азаматқа айналды, ұрпақ өсірді.

Парасат биігінде ешкімді бөліп жармай, туған-туыстарды аялап, қамқорлығына ала білді. Айналасындағы жандарға



өз ойын астарлы қалжың сөзбен жеткізе білетін, жарқын көңіл сыйлайтын қадірлі жан еді.

Асқар тау әке, адал жар, қимас бауыр, немерелерінің сүйікті атасы, жиендердің қадірлі нағашысы, балдыздарына ағдай болған абзал жанды бүгінгі күні сағына еске алып отырмыз.

Алланың салғанына қарсы тұра алмай құран оқып, дұға бағыштаудан басқа шара жоқ.

Нұрлы бейнең санада жүр жаңғырып,

Өзің барда тұрушы еді күн күліп.

Жаратушы панасына ап жарылқап,

Пейіш бақтың төрінде бол мәңгілік!

Әкемізге 2024 жылдың 10 тамызында сағат 13:00-де аудан орталығындағы «Ай-Фар» кафесінде берілетін жылдық асқа барша туған-туыс, құда- жекжат, көршілер, дос-жарандар мен бірге еңбек еткен әріптестерін шақырамыз.

Еске алушылар: жұбайы – Торғай, балалары.

Ақтоғай аудандық «Ақтоғай ажары» газетінің ардагерлері және ұжымы газеттің редакторы Гүлнар Елеусізоваға әкесі **Метай Елеусізовтің** қайтыс болуына байланысты отбасына, туған-туыстарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Құттықтаймыз!



Құрметті құдағимыз
Марияш Мақанбаевна!

Сіздерді еңбектеріңіздің еленіп Қазақстанның «Алтын кітабына» есімдеріңіз еніп, ұзақ жылғы еңбектеріңіздің еленуімен шын жүректен құттықтаймыз. Марқұм құдамыз Серікбай Қасымұлы екеуіңіз саналы ғұмырларыңызды ауданымыздың экономикасының өсіп-өнуіне мейлінше еңбек сіңірген жансыздар, Сондықтан да «Алтын кітапқа» еніп отырсыздар. Секең құдамыз ауылшаруашылық саласының барлық сатысынан өтіп, маңдай тер, адал еңбекпен зейнеткерлікке шыққан. Талай облыстық, аудандық мақтау мен марапаттың егесі болғандығы соның дәлелі. Әттең, өмірден ертерек өтіп кеткендігі өкінішті. Ал, құдағимыз Марияш Махамбайқызы аудандық медицина саласында жарты ғасыр қызмет жасап, елге елжүлі, халыққа қалаулы болған жан. Талай шәкірттерді тәрбиелеп, әлі де болса әріптестеріне барлық тәжірибесімен бөлісіп жүрген ақ халатты абзал жан. Халыққа жасаған еселі еңбектеріңіз еленіп, «Алтын кітапқа» аттарыңыздың енуі нәтижелі еңбектің жемісі. Өздеріңіздің еңбекқорлықтарыңызбен, адалдықтарыңызбен салып берген сара жолдарыңызды арттарыңыздан еріп келе жатқан ұрпақтарыңыз жалғастырып келеді. Отбасыларыңызға амандық, Мәкең құдағимызға ұзақ ғұмыр, зор денсаулық, отбасылық бақыт тілейміз. Ұрпақтарыңыздың қызығын көріп орталарында тамырын тереңге жайған бәйтерегі болып отыра беріңіз.

Ізгі тілекпен: құда құдағимыз – Ерлан-Айгүл

Құттықтаймыз!

Ақтоғай ауылының тұрғыны, бауырымыз **Смағұлова Нұргүл Шаһибайқызын** 60 жасқа толған мерейжасымен құттықтаймыз.

Өмір жолының асқар биігі – алтыстың шыңына шығып отырған бауырымызға жарқын да мағыналы өмір, көтеріңкі де кіршіксіз



қоңіл, деңізіңіздің саулығын, отбасының амандығын тілейміз. Арайлап атқан әр таңдарыңыз тек қуанышпен атсын. Отағасы Амантай екеуің шатшадыман қоңілмен бала-шаға, немерелеріңіздің ортасында ақ сақалды ата мен ақжаулықты әже болып шөберелеріңіздің алақанынан май жалауды Алла нәсіп етсін.

60 жас құтты болсын, мерекеңіз,
Мұхиттай шалқи берсін берекеңіз.
Аман болып отбасыңыз, бақыт орнап,
Кеңейсін қанат жайып керегеңіз.
Қалдырып артыңызға өрелі із,
Отбасын берекеге бөледіңіз.
Бас аман, деңіңіз сау, ойнап-күліп,
Қызық пен қуанышқа кенеліңіз.

Ізгі тілекпен: Шәһабестар әулеті.

Құттықтаймыз!



Құрметті Нұргүл
Шәһибайқызы!

Сізді асқаралы 60 жасқа толған мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтаймыз.

Сізге әлемдегі бар жақсылықты тілейміз. Алла сізге ең алдымен мықты денсаулық берсін. Әрқашан жүзіңізден мейірім нышаны кетпей,

айналаңызға нұрыңызды шашып, балаларыңыз бен немерелеріңіздің бақытына кенеліп жүре беріңіз. Ғұмырыңыздың арайлы да шуақты шақтары мол болсын. Әми екеуіңіз бір жастықта қартайып, немереден шөбере көріп 100-ге келіңіздер.

Тілейміз бақытты өмір, ашық аспан,
Жалғанда тілек бар ма одан асқан.
Аман боп жанұяң мен бауырларың,
Жалғансын ақ таңдарың нұрын шашқан.

**Ізгі тілекпен: Саят-Надежда, Жанат-Нәстай,
Қанат-Рысты, Құрмет-Алтынай,
Марат-Есенгүл**

***Таза Қазақстан**

Таза болса табиғат, аман болар адамзат

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен жүзеге асып жатқан «Таза Қазақстан» акциясы халықтың қолдауына ие болып, өңір, аймақтарда қыруар жұмыстар атқарылып жатыр. Ауыл-аймақпен бірге курортты өңірдің сұлу табиғат аясы да тіршіліктің шаң-тозаңынан арылып, сұлу сыланған бұла күйін қайта тапқандай.

Таяуда Шашубай кентінде республикалық «Таза Қазақстан» - «Таза жағалау» экологиялық акциясы аясында кентіміздің «Жасыл ел» еңбек жасақтарының ат салысуымен Балқаш көлі жағалауын коқыстан тазалау жұмыстары ұйымдастырылды.

Ақ айдыны аспанмен астасып, балығы тайдай тулаған көкше теңіз қазақстандықтардың ғана емес, шетелдік туристердің жылына бір мәрте арнайы ат шалдырып демалатын көрікті жері. Бір өттегенн айы, осы көркем табиғаттың жомарттығын жақсы көретін адамдардың бәрі бірдей ұқыпты емес. Көл жағалауларында коқыс көп қалатыны жасырын емес. Міне, сондықтан «Таза жағалау» акциясын жиі өткізуге тырысамыз. Адамдар табиғатқа тағылық жасамауы керек. Өйткені, бұл байлық - біздің ғана пешенемізге жазылған дүние емес, келер ұрпақтың көдесіне асатын жалпы құндылық. Өскелең ұрпақтың туған елдің тамаша табиғатына қамқор болып, қол ұшын беріп жатқандығы ғажап көрініс. Еліміздің барлық табиғат жанашырларының ынтықтасын бір арнаға тоғыстырған «Таза Қазақстан» акциясының төл міндеті де осы.

Бұл акция көл жағалауын тазалауға көмектесіп қана қоймай, барлығын қоршаған ортаға ұқыпты қараудың маңыздылығын еске салды. Бірлескен күш-жігердің арқасында біз жағалауларымызды тазарттық және оларды болашақ ұрпақ үшін сақтаймыз.

Шашубай кенті әкімі аппараты.

*** Табиғат – тал бесік**

Орман ел байлығы

Мемлекеттің басты байлығы саналатын табиғатты қорғау, табиғи ресурстарды сақтау адамзаттың қастерлі парызы саналады. Өйткені, келешек ұрпақтың ырыс-құтты, бақ-берекелі болуы бізден қалған байлыққа тікелей байланысты. Сондықтан да «атадан мал қалғанша, тал қалсын» деген тәмсілге сүйеніп, табиғи қорларды көздің қарашығындай сақтауымыз керек.

Қазіргі таңда дүние жүзінде орман аумағы 3 млрд. гектардан астам жерді алып жатыр. Бұл құрлықтардың 27-28 пайызын құрайды. Дегенмен, адамдардың немқұрайдылығы, ағаштарды бей-берекет пайдалану, өрт, сел жүру сияқты табиғи апаттардың салдарынан орман көлемі жыл өткен сайын азайып барады.

Орман өрті көбінесе адами фактор салдарынан орын алады екен. Сондықтан өрт қауіпсіздігі ережелерін үйрететін үгіт-насихат жұмыстарын тек өрт сөндіру қызметкерлері ғана емес, қоғамдық мекемелер де жүргізуі тиіс. Орман шаруашылығының жұмысында өрт қауіпсіздігі – бірінші кезектегі мәселе.

Орманға барар жолдарда, демалатын жерлерде, орман жұмыстары жүріп жатқан жерлерде аншлаг паннолар, хабарламалар арқылы өрттен сақтандыру шаралары жасалады. Алайда, осыларды орман маңында демалушылар ескере бермейді. Әр адам мұндай ескертулерге байыппен қараса, ол орманды өрттен қорғауға, аман сақтауға ықпалын тигізетіні анық.

Орман өрттерінің себептері көп. Көбіне сөндірілмеген шылымнан не аңшылық салдарынан орын алады. Аңшылар атқан оқтан шөп жанып тұтанады. Сонымен қатар механизаторлар да орманда өрт қауіпсіздігін сақтай бермейді. Тұтануға бейім майланған материалды қай жер болса, сол жерге тастап кетеді, техника қауіпсіздігін сақтамайды, көліктің жанында шылым шегеді.

Орманға келген демалушылар, ауыл шаруашылығының жұмысшылары кепкен шөп, кесілген ағаш қалдықтары бар жерлерге от жағады, орманға жақын жерлердегі егістік орнын өртейді. Мұның бәрі орман өртіне әкеліп соғады. Сонымен қатар күннің сәулесі мол түсетін жерлерге шынының сынығын тастап кетеді. Ал, ол жандырғыш линза тәрізді күн сәулесінен қуат алып, құрғақ шөптерді тұтандырады.

Орман өртін сөндіру оңай емес. Сондықтан оған жол бермеудің алғышарттарын қатаң сақтау қажет. Көктем, күз мезгілдерінде өрт шығу қаупі жоғарылайды.

Орман-тоғайларда өрт орын алса оңайлықпен сөнбейді, айналасындағы бірнеше метр жерге дейінгі өсімдік ағаштарын, аң-құстардың ұяларын жояды. Сонымен қатар бау-бақша егу мақсатында егістік жерлерді дайындау кезінде өрт қауіпсіздігі шараларына онша мән бермей, шөп-шаламды бей-берекет жағудың соңы орман-тоғай өртіне әкелуі мүмкін.

Сол себепті табиғат берген байлықты сақтап, орман қорын қорғап, өсімін молайтуға көпшілік болып атсалысуымыз керек.

**Д.Ынтықбеков,
Тоқырауын орманшылығы.**

Құрылтайшы: ЕЛЕУСИЗОВА ГҮЛНАР МЕТАЕВНА

Редактор: Г.ЕЛЕУСИЗОВА

Меншік иесі: “Ақтоғай ажары” газеті редакциясы ЖШС

Тіркеу куәлігі: №КЗ94VPY00019192. (Қазақстан Республикасы ақпарат және даму Министрлігі 2020 жылы 10 қаңтарында берілген)

Газет аптасына 1 рет шығады

Газет редакцияның компьютер орталығында қатталып, Қарағанды қаласында «Арқо» баспаханасы ЖШС-де басылады. Сәтбаев көшесі, 15-үй

Мақала авторларының пікірі газеттің көзқарасын білдірмейді. Таралымы 880 дана

Мекен-жайымыз: 100200, Ақтоғай ауылы, Абай көшесі, №1 а үй.

Телефондар: редактор: 2-18-81.

тілшілер, компьютер орталығы: 2-15-39



Электрондық пошта aktogai_red@mail.ru

Газетке А4 форматты 3 беттен асқан материалдар қабылданбайды.

